

«Бекітемін»
«Меруерт» бөбекжай-балабақшасы
менгерушісі
Г.Нәбиева



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Айналайын» кіші тобының
перспективалық жоспары**

2022-2023ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары**

Білім беру ұйымы: «Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі

Топ/сынып: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру. Негізгі қимыл : Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді;
	Сөйлеуді дамыту	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; Сөздік қор. кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Байланыстырып сөйлеу. ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады; педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.

	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдылары, сөздік қорлары қалыптасады; - өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттері дамиды; - балалардың эстетикалық қабылдауы қалыптасады және шығармашылық әрекеті дамиды.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Спорттық жаттығулар : Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қор Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды

		үйрету; қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	-отбасы туралы алған білімдері кеңейеді, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастырады;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар :Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимыл : Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қор. заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою арқылы жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.

	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктері қалыптасады; - әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуге ықпал жасайды;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. Негізгі қимыл: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойындар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қор. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен сөздік қорын дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуына үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.

	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен танысады; - туған жерге деген мақтаныштары, қызығушылықтары оянады; - балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйренеді

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Негізгі қимыл: Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; Сөздік қор: Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздердің дұрыс айтылуын дамыту; Байланыстырып сөйлеу: Кітаптардағы суреттерді қарауға, ондағы таныс заттарды атауға үйрету;
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу;
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру; ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қарапайым құрылысты ересектің көмегімен құрастыруға үйрету;
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту, бейнелерді фланелеграфта құрастыруға үйрету; Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.

	Музыка	дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйренеді; -қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулиды; -эстетикалық қабылдаулары, түрлі сенсорлық әсерлері қалыптасады.
--	---------------	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Негізгі қимыл:Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; Қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; Сөздік қор: Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдану; Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті

	толықтыру.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасы қалыптасады; - адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдері жетіледі; - қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктері кеңейеді.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу. Негізгі қимыл: Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойындар. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығымен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қор: Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.

	Музыка	-ұлттық мерекелер туралы түсініктері кеңейеді және қалыптасады; -шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулиды; - ұлттық ойындарға деген қызығушылықтары артады.
--	---------------	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Негізгі қимыл:Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. Сөздік қор: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, Тілдің грамматикалық құрылымы: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.

	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.
	Музыка	-мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдылары жетіледі; - үлкендердің еңбегін бағалауға үйренеді; -танымдық және шығармашылық қабілеттері қалыптасады

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар : Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимыл: Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөздік қор: Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру. Өткенді қайталау.
	Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өткенді қайталау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Өткенді қайталау.
	Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және

		т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
	Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Өткенді қайталау.
	Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Өткенді қайталау.
	Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. Өткенді қайталау.
	Музыка	-балалардың топтағы қарым-қатынас дағдылары анықталады және қалыптасады; -достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізеді; -өз еліне құштарлық сезімдері оянады, ой-өрісі қалыптасады.